

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО КУЛЬТУРЫ И СПОРТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ
«ТАҢБАЛЫ» ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЖӘНЕ ТАБИҒИ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОРЫҚ-МУЗЕЙІ

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХИ-МӘДЕНИ МҰРАСЫ:
ЗЕРТТЕУ, ТҮСІНДІРУ ЖӘНЕ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ» атты
«X Оразбаев оқулары» халықаралық
ғылыми-әдістемелік конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
11-12 мамыр 2018 жыл

PROCEEDINGS
of International Scientific and Methodical Conference
"X Orazbayev Readings"
"HISTORICAL AND CULTURAL HERITAGE OF KAZAKHSTAN:
PROBLEMS OF STUDY, INTERPRETATION AND CONSERVATION"
11-12 May, 2018

МАТЕРИАЛЫ
международной научно-методической конференции
«X Оразбаевские чтения»
«ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСТАНА:
ПРОБЛЕМЫ ИЗУЧЕНИЯ, ИНТЕРПРЕТАЦИИ И СОХРАНЕНИЯ»
11-12 мая 2018 г.

Алматы
«Қазак университеті»
2018

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

Толеубаев А.Т., Жуматаев Р.С., Шакенов С.Т. Шілікті қорымындағы №16 обада жүргізілген қазба жұмыстары	3
Әлімбай Н. Көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүргізу (бидің билігі) үрдісі: негізгі ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны	14
Зайберт В.Ф. Основные концептуальные положения изучения древней истории Казахстана	33
Калыш А.Б. Белорусы Казахстана в 1920-1950-е годы	41
Омаров Ғ.Қ., Бесетаев Б.Б., Сагындыкова С.Т. Үржар өңірінің жартас бетіндегі суреттері	45

АРХЕОЛОГИЯДАҒЫ МӘДЕНИЕТТЕР САБАҚТАСТЫҒЫ МӘСЕЛЕСІ / ПРОБЛЕМА ПРЕЕМСТВЕННОСТИ КУЛЬТУР В АРХЕОЛОГИИ

Варфоломеев В.В., Оразбаев Н.К. Могильник Камал	54
Варфоломеев В.В., Монжосова А.Е. Древнейшие металлические удила Казахстана	56
Варфоломеев В.В., Шаламбаева С.М. Кентский археологический микрорайон	57
Жауымбаев С.У., Евдокимов В.В., Кукушкин А.И., Дмитриев Е.А. Металлургическая мастерская комплекса Алат эпохи поздней бронзы	59
Дмитриев Е.А., Ломан В.Г., Кукушкин А.И., Елибаев Т.А., Макен А.Б. Ограда Бесентак – новый памятник поздней бронзы Сарыарки	62
Горячев А.А. К вопросу о реконструкции жилища поздней бронзы поселения Кызылбулак-IV	66
Мургабаев С.С., Бахтыбаев М.М., Малдыбекова Л.Ж. Жасажырық I қорымында жүргізілген зерттеулер	73
Мусаева Р.С. Природно-географические условия развития срубной культуры Западного Казахстана	80
Сагындыкова С.Т. Солтүстік және Орталық Қазақстанның арбалы кешендері	83
Мұсырманқұл П.Б. Шығыс Қазақстанның қола дәуірінің өзекті мәселелері	87
Чекин А., Тулегенов Т., Иванов С., Бесетаев Б. «Третий клад» эпохи раннего железного века из г. Иссык (предварительная публикация)	90
Подушкин А.Н., Донец А.Г. О первоначальном исследовании археологических объектов в урочище Мынтобе	99
Рахимов Е.К., Катеев А.М. Ювелирное искусство кангюев и усуней	104
Салгараев М.Т. Язык и письмо скифов	108
Садуакасулы А., Железняков Б.А. Каменная плитка-жертвенник из Бургана	111
Серік Г.С., Килимов Т.М., Амелин В.А. Уникальная рукоять плети (нагайки) с изображениями хищников из одного погребения могильника Шпаки II	119
Хасан А.М., Байрова М.К. Елек өзенінің алабында орналасқан ерте көшпенділердің жерлеу орындарынан табылған моншақтар	121
Нұрболатұлы Е. Жетісудағы ерте темір дәуірінің жерлеу орындары	124
Касеналин А., Есенов С., Асылбеков Қ. ҚР ұлттық музейінің Ақмола облысының тарихи-мәдени мұра нысандарында жүргізген зерттеулері	127
Үмітқалиев Ұ.Ұ., Искаков Қ.А. Көне дәуірлердегі адам мүрдесіне хирургиялық ота жасағанда қолданылған аспаптар	130
Сихымбаева К.Б. Қазақтардың одонтоглификалық ерекшеліктері	133
Айтқұл Х.А., Мьякишева О.А., Торезанова Н.Ж., Рахметова А., Айдарханова Е.Е. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің 2017 ж. Ақтерек қорымында жүргізілген далалық қазба жұмыстарының нәтижелері	137
Айтқұл Х.А. Қазақстан географиясының сакралды нысаны ретіндегі Ақтерек шатқалының археологиялық ескерткіштері	142
Блялова А.С. Из истории изучения археологических памятников на территории Акмолинской области	147
Аязбекова С.Ш. Петроглифы Казахстана как репрезентанты национального культурного кода	150

засушливый, в сравнении с периодом средней бронзы, климат, древнее население срубно-андроновской историко-культурной общности сумело не только адаптировать свою жизнь к местным условиям, но и создать своеобразное комплексное хозяйство, изучение которого на примере многочисленных памятниках археологии, позволит воссоздать общую картину истории региона.

1. Рамазанов С. К. Физико-географическое районирование Западно-Казахстанской области // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. 2012. № 1. – С. 131-137.
2. Геология СССР. Том 21. Геологическое описание. Книга 1. Западный Казахстан. – Москва, Недра. - 1970 г. – С.5-18.
3. Рамазанов С.К. Природно-географические условия региона – основной фактор в истории расселения человечества (на примере Западно-Казахстанской области)// Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. - № 1. – Уральск. - 2002г. – С.14-22.
4. Рамазанов С.К. Предварительная схема экологического каркаса Западно- Казахстанской области// Современные проблемы геоэкологии и зоологии. Алматы: Шартарап, 2001, с.133-138.
5. Национальный Атлас Республики Казахстан. I том «Природные условия РК». – Алматы, Изд. «Республиканская картографическая фабрика Агентства по земельным ресурсам РК». - 2006 г. - 125 с.
6. Демкин В.А., Ельцов М.В., Борисов А.В., Алексеев А.О., Алексеева В.А. Палеопочвы и природные условия левобережного Илека в эпохи бронзы и раннего железа (по материалам палеопочвенных исследований курганного могильника "Илекшар") // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. - № 2. – Уральск. – 2003 г. – С.212-219.
7. Таиров А.Д. Изменения климата степей и лесостепей Центральной Евразии во II—II тыс. до н.э.: Материалы к историческим реконструкциям. - Челябинск: "Рифей", 2003. - 68 с: ил.
8. Епимахов А.В. К оценки свидетельств дальних связей в эпоху палеометалла // Еуразия даласындағы ежелгі тайпалардың этникалық тарихының құпиялары = Таинство этнической истории древнейших народов степной Евразии = The Mystery of the Ethnic History of the Earliest Nomads of the Eurasian steppe / құраст. /сост. /comp. В. А. Новоженев; бас. ред. / гл. ред. / ed. А. В. Епимахов. – Алматы: Остров Крым. - 2014. – С.41 - қазақша, орысша, ағылшынша.
9. Кузьмина Е.Е. Арии — путь на юг. - М.: «Летний сад». - 2008 г. - 560 с.
10. Сеницын И. В. Археологические исследования в Западном Казахстане (1948-1950) // Труды Института истории, археологии и этнографии Казахской ССР. Т. 1. Алма-Ата: Изд-во АН Каз. ССР. - 1956. – С. 87-139.
11. Сеницын И. В. Археологические исследования в Нижнем Поволжье и Западном Казахстане. КСИИМК. - 1951. - Вып. 37. – С. 97-105.
12. Сеницын И. В. Археологические исследования в Саратовской области и Западном Казахстане. КСИИМК. - 1952. - Вып. 45. – С. 62-73.
13. Сеницын И. В. Археологические памятники по реке Малый Узень // КСИИМК. - 1950. - Вып. 32. – С. 101-112.
14. Сеницын И. В. Археологические исследования Заволжского отряда // МИА. № 60. Древности Нижнего Поволжья (Итоги работ Сталинградской археологической экспедиции). Т. 1. / Отв. ред. Е. И. Крупнов. - М.: Изд-во АН СССР. - 1959. - С. 39-205.
15. Мелентьев А.Н. Отчет Заволжского отряда Астраханской экспедиции ЛОИА АН СССР // Архив Института археологии им. А.Х.Маргулана. – Д.1055, св.66. – 1967 г.
16. Галкин Л. Л. О роли экологических факторов в истории населения Волго-Уральского междуречья в эпоху бронзы // Вопросы археологии Западного Казахстана. Вып. 1. Самара: Акт. обл. госинспекция по охране историко-культур. наследия, 1996. – С. 56-82.
17. Малов Н.М. Памятники срубной культуры. Волго-Уральское междуречье. // САИ. – Саратов: Изд-во СГУ. - Вып.10. - 1993. – С. 198.
18. Кушаев Г.А. Отчет об археологических исследованиях Уральского пединститута в 1987 году // Архив Института археологии им. А.Х. Маргулана МОН РК. – Дело № 2192, св.165. – 1987.
19. Марьксин Д. В., Крыгин А. П. Новые исследования на памятнике бронзового века «Кресты» // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. 2013. № 4. – С. 93-104.
20. Берденов С. А., Дрожжевский Н. В., Марьксин Д. В., Тулегенова Н. И. Первые результаты работ на поселении Бауржан-Аяк // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. Вып. 1. Уральск, 2002. – С. 43-47.

Сагындыкова С.Т.

СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АРБАЛЫ КЕШЕНДЕРІ

Атты арбалардың пайда болуы Еуразия халықтарының әлеуметтік-экономикалық және рухани өмірін өзгертті. Арбалар әскери салада, діни рәсімдерде және көп жағдайда мал бағу үшін пайдаланылды. Қазіргі уақытта Еуразия далаларының азиаттық бөлігінде арбалы кешендердің ізі бар қорымдар мен қорғандар жүйесі анықталған болатын. Олардың ішінде Солтүстіктегі (Кеңес, Ұлыбай, Бірлік II, Новоникольское), Батыста (Танаберген 2) және Орталық Қазақстанда (Сатан, Ащысу, Нұртай, Аяпберген, Бозинген және т.б.) белгілі [1, с. 248]. Қазақстан жеріндегі табылған арбалар кешендері Батыс, Солтүстік және Орталық Қазақстанның Петров және Алакөл мәдениеттеріне жатады. Қазақстандық, Орал-қазақстандық арбалар кешендерін зерттеумен Геннадий Зданович, Владимир

Генинг, Валерий Евдокимов, Алексей Ткачев, Андрей Епимахов, Илья Кукушкин және басқа да белгілі ғалымдар айналысты [2, с. 10].

Зерттеушілердің бұл мәселеге байланысты әр түрлі көз-қарастары бар. Солардың ішінде Николаус Бороффонның ой-пікірін айтуға болады. Ғалымның көз-қарасы бойынша, арбалар соғыс техникасы немесе аңшылық атрибуты ретінде емес, байлықтың және әлеуметтік дәреженің көрсеткіші ретінде қарастырылуы керек [3, с. 80]. Дәлел ретінде, арбалармен бірге ер адамдарды ғана емес, балалар мен әйелдерді де жерлегендігін келтіруге болады. Николай Виноградов Синташты мәдениетіне жататын арбалы кешендерді зерттеу барысында жерлеу рәсімінің рөлі жоғары екендігін ескерту керек екендігін айта кеткен [4, с. 264]. Кейбір адамдардың жерлеу орындарына екі дөңгелекті арбалардың бірге қойылуы марқұмның рухысаяхатқа аттанады деген индоеуропалық мифпен байланысты болуы мүмкін. Адамдар о дүниеге сенімдеріне сәйкес, жерлеу кабірлеріне әр түрлі тұрмыстық заттарды қоса жерлейтін болған.

Солтүстік Қазақстанның арбалы кешендері қола дәуірі адамдарының дүниетанымының көрсеткіші ретінде.

Ерекше әлеуметтік топты құрайтын ер адамдар әскері немесе арбалы жауынгерлер жерлеу орындары Кеңес, Ұлыбай, Бірлік, Новоникольское қорымдарында зерттелді. Солтүстік Қазақстандағы арбалы кешендердің ішіндегі неғұрлым жақсы сақталғаны Бірлік І қорымы болғандықтан, халықтың дүниетанымы Бірлік ІІ қорымының екі қорғандары негізінде қарастырылады. Ескерткіш Петропавловск қаласының оңтүстік-батысынан 130 км жерді Есіл өзенінің сол жағасында орналасқан [5, с. 73]. Бірлік қорымының арбалы атрибутикасы № 2 және № 10 қорғандарында көрсетілген.

№ 2 қорғанның диаметрі 18 м, биіктігі 0,2 м. Қорған алты шұңқырдан тұрады. Орталық шұңқырдың айналасында саз балшықтан жасалған шеңбердің ізі бар. Әр шұңқырдың ұзын жағында аяқтары жан-жаққа қараған бастары батысқа бағытталған саздың үстіне екі жылқы қаңқасы жатқызылған. Жылқылардың аяқтары бүгулі, омыртқалары доға түрінде орналасқан. Шығыс шұңқырдың шет жағында ірі қара малдың екі бас сүйегі мен төрт тұяғы жатыр. Бірінші шұңқырдың жерлеу камерасының қабырғалары ашық түсті балшықпен сыланған. Шұңқырдың ішінен басы жоқ иттің сүйегі, тістер және ірі балықтың үш желбезек қақпақтары табылды. Солтүстік қабырғаның қасында жылқының қабырғалары мен тістері, солтүстік-шығыс бұрышында солтүстікке бағытталған жылқы бас сүйегі аршылды. Жерлеу шұңқырының түбінде қола ірі түйреуіш, ал әр түрлі тереңдіктерде 16 ыдыстың бөлшектері табылды. Бірнеше ыдыстар бөлшектерінің табылуына орай, шығырға салу ісі бұл ауданда жақсы дамыды деуге болады.

Жерлеу камерасының шығыс жағында дөңгелектердің екі параллелді іздері табылды. Қимадағы солтүстік шұңқырда арба дөңгелегінің жиегі мен шыбықтары, оңтүстік шұңқырда жиектің және шыбықтардың іздері фиксацияланды. Арба дөңгелектері фрагменттері табылғандықтан қорғандар тоналған немесе оларды жоспар бойынша арбаның имитациясы ретінде солай орналастырған болуы керек. Төртінші шұңқырда жылқының сүйектері, ал 6 шұңқыр түбінен күйген ағаштың ұсақ бөлшектері шықты [5, с. 73].

Адамды жерге емес саз-балшықтың үстіне қойып жерлеуі жерлеу рәсімінің үлкен мағыналығын көрсетеді. Мәйіттің басын батысқа қаратып жерлеген, бұл қола дәуіріне тән салт және о дүниеге кетуін білдіреді. Сонымен қатар қорғаннан ірі қара мал, ит және балық желбезек қақпақтары табылды. Бұл табылымдар мал шаруашылығы қола дәуірінде пайда болғандығын дәлелдейді. Артефактілер балық шаруашылығының да жақсы дамығандығын көрсетеді, бұл да халық тіршілігінің маңызды бөлігін құрайды. Сонымен қатар жануарларды қолға үйрету іздері де бар, иттер адамның о дүниеге жеткізерсерігі саналды, бұл да дәлелденді.

№ 10 қорған диаметрі 12 м, биіктігі 0,1 м. Үйіндінің солтүстік-батыс жағы қазылмаған, себебі сол жағы қазіргі қазақ зиратының орнында тұр. Қорған асты ауданының орталық бөлігінде батыс-шығыс бағытында тік бұрышты жерлеу шұңқыры табылды. Шұңқырдың айналасында қалыңдығы 10 см саз-балшықты алаң бар. Оңтүстік қабырғаның балшық алаңында оң қырымен аяқтары бүгулі, басы батысқа бағытталған жылқы сүйегі жатыр. Жылқы адам өмірінің маңызды бөлігі болды және халықтың өмірінде көптеген қызметтер атқарды. Негізінен қарастырылып жатқан аудан тайпалары мал шаруашылығымен айналысты, сондықтан жылқының көлік ретіндегі рөлі жоғары болды. Бас сүйектерден 0,7-1,0 м ара қашықтықта құмыраға ұқсас екі ыдыс табылды. Бұл ыдыстардың ішінде мәйітке арналған ас болған болуы керек. Жерлеу шұңқырының қабырғалары мен едені қалыңдығы 20 см ашық түсті балшықпен жабылған. Жерлеу шұңқырының шығыс қабырғасы тұсында бір-біріне параллелді орналастырылған екі сопақ шұңқыршалар бар. Шұңқыршаларды қазу барысында олардың қабырғалары сазбен сыланғаны анықталды. Солтүстік шұңқыршалардың ішінен арба дөңгелегінің іздері табылды. Шұңқыр қабырғаларының сазбен әрленуі дөңгелектің имитациясы болғандығын

көрсетеді. Арбалар қымбат болғандықтар, жерлеу кезінде олардың имитациясы жасалды. Оңтүстік шұңқыршаның батыс жағында төрт тас жебе ұшы табылды. Бесінші жебе ұшы шұңқыршаның қасындағы іннен шықты [6, с. 139-141]. Жебе ұштары тастан жасалғандықтан металлургия ісі әлі жақсы дамыған жоқ деуге болады, сондықтан тас жебе ұштары әлі де көптеп пайдаланылды. Жерлеу камерасының батыс қабырғасы тұсынан екі бүтін күйінде және біреуі нашар сақталған сулықтар табылды. Шұңқырдың орталық бөлігінен адамның бас сүйегі мен табан сүйектері фрагменттері ғана шықты, бұл қаңқаның жаман сақталғандығын көрсетеді. Шығыс қабырға тұсынан қола біздің табылуы қолшеберліктің де белгілі бір деңгейде болғандығын айғақтайды.

Солтүстік Қазақстанның арбалы кешендерін қазіргі уақытта ешкім зерттеп жүрген жоқ, себебі бұл тақырыпқа байланысты археологиялық мәліметтер аз.

Бұл қорғандар арқылы біз қарастырылып жатқан ауданда мал шаруашылығы, балық шаруашылығы және шығырлы керамика ісі жақсы дамыды деуге болады. Адамдардың дүниетанымы да жоғары дамығын болды. Мысалы, арба жай ғана көлік болған доқ, сонымен қатар діни сенімдеріне сәйкес арбаны өлікпен бірге жерлеп, арба о дүниеде де қызмет атқарады деп сенген.

Орталық Қазақстан арбалы кешендері әскери өнер факторы ретінде

Орталық Қазақстанда арбалы кешендерді Сатан, Ащысу, Нұртай, Аяпберген, Бозінген қорғандық топтарынан көруге болады [1, с. 248]. Бұл бөлімде қарастырылып жатқан ауданның әскери ісі Сатан және Ащысу қорымдары мысалында қарастырылады.

Сатан қорымы арбалы жауынгерлер жерленген үш қорған асты жерлеу орындарынан тұрады. Қорғандар биік орналасқан. Ерте уақытта адамдар өліктерді өзеннің ар жағына жерлеген, өзен өлілер мен тірілер дүниесін ажыратушы болып табылған, кейде өліктерді адам басатын жерден жоғары жерлеуге тырысқан, осы ескерткіштегідей. Осының бәрі адамдардың діни сеніміне байланысты.

Жерлеу орындарында сынған өрнектелген саз-балшықтан жасалған ыдыстар, жүген құрылысынан тік бұрышты формалы тастан жасалған сулықтар, қола ілмек, әшекейлер, жебе ұштары табылды [7, с.102–108]. Ескерткіш тоналған, бұл заттар тонаушылар үшін маңызды болмаған болуы керек, сондықтан бүлдірілген немесе олар басынан ақ жерлеу орнына әдейі сынған түрінде салынған болуы мүмкін.

Археологтардың қызығушылығын екі дөңгелекті арбалар туғызды. Дөңгелектердің төрттен бір бөлігі шұңқырларға қазылып салынғандықтан біз дөңгелек шыбықтарыныңіздерінкөре аламыз. Онда жартылай күйдірілген дөңгелек қалдықтары сақталды.

Қола дәуірінде Орталық Қазақстандық дәстүрде өлікті кремация арқылы жерлеу де орын алды, дөңгелекті күйдіріп жерлеу осы салтпен байланысты болуы керек. Бұл арбаның өлікпен бірге о дүниеге өту сеніміне қатысты. Дөңгелектер жерлеу шұңқырының батыс бөлігіне қойылды. Оларды терімен қаптау әрекеті де көзге түсті, шикі тері қолданылған болуы мүмкін, тері кепкен кезде дөңгелекке жабысып, қорғаныс қызметін атқарған. Сақталған терінің түсі қызыл болғандықтан, бұның ғұрыптық маңызы болды деп топшылауға болады. Тері ішкі жағынан шегелермен ұсталып тұрды. Мұның бәрінен шеберліктің ізі байқалады, бұл көліктің түрі аудан тайпаларымен кең түрде пайдаланылған.

Кейбір жерлеу орындарында металдан жасалған моншақтар, күрделі оюлары бар мойынға тағатын алқалар, сүйектен жасалған басқа да әшекейлер әйелдерменқоса жерленді [8, с. 182]. Мұндай қорғандарда әйелдердің де жерленуі арбалы жауынгерлердің жеке қоғамдық сатысы болды деуге болады және бұл дәреже мұрагерлік жолмен беріліп отырған. Әскери істе арбалы-жауынгерлер ерекше орын алған, сондықтан олар жеке қоғамдық сатыға жатқызылды.

Қола дәуіріне жататын Ащысу қорғандарынан маңызды нәтижелер алынды. Қорғандардың бәрінің үйіндісі болды, олар батыс жағы ашық қалдырылған дөңгеленіп келген ормен қоршалып жатты. Жерлеу орнының қасында саз-балшықтан аула дайындалып, оның шеттері әдетте кішігірім плита тастармен қоршалатын. Мәйіт жылқысымен бірге саз-балшықты алаңның үстіне жерленетін. Екі жағдайда арбалы кешенді көрсететін жақсы сақталған екі жылқының қаңқасы табылды [9, с. 28]. Бұл қорғандарда арбаның өзінсіз жылқыларды жерлеу арқылы имитациясын да байқауға болады.

Қорғанның батыс жағында қосарлана жерленген жылқылар Орталық Қазақстандық дәстүрді көрсетеді. Осы ғұрыпты жасау кезінде от та жиі пайдаланылған, оны жылқы сүйектерінің қасындағы күл іздері дәлелдейді. Бұл ауданда от жиі пайдаланылған, қола дәуірінде бұл от ғұрпымен байланысты. Жерлеулердің Петровтік мәдениетке жататыны жерлеу шұңқырында жылқылардың шет жақтарға жатқызылатынымен дәлелденеді [9, с. 29].

Бұл арбалы жауынгерлердің жерлеу орындары болғандықтан мұнда қару түрлерінің кездесетіні орынды. Дистанциялық қару ретінде жерлеу орнында жебе ұштары кездеседі, бұл жай ғана тайпа мүшесінің емес жауынгердің қорғаны екенін көрсетеді.

Осылайша, Орталық Қазақстандағы арбалы кешендер негізінен қорғандық жерлеу орындарда орын алды деп айтуға болады. Бір қорғанда арба қалдықтары, төрт жағдайда қосарлы жылқылар жерленген, үш жағдайда от пайдаланылған. Барлық арбалы кешендерде қашықтық соғыс қаруы-жебе ұштары кездеседі. Екі жерлеу орнында ауыздықтар табылды, бұл жылқылардың қолға үйретілгендігін дәлелдейді. Осының бәрінен зерттелген жерлеу орындары қола дәуірінің әскери өнері туралы мәлімет беретінін көре аламыз.

Салт аттылық пайда болмай тұрып, Солтүстік және Орталық Қазақстан халқы көлік ретінде және әскери техника ретінде ат жегілген арбаларды пайдаланды.

Қарастырылған екі бөлім бойынша қола дәуірінің тайпалары мал шаруашылығы, балық шаруашылығы және қолөнермен айналысты деп қорыта аламыз. Жерлеу орындарында ауыздықтар кездеседі, бұл жылқылардың қолға үйретілгендігін көрсетеді. Сонымен қатар балық желбезектерінің қақпақтары табылды, олар әшекей ретінде немесе ғұрыптық мәнде қолданылған болуы мүмкін.

Арбалы кешендер қола дәуірінде дамыған техника мен оны құрастыру шеберлігі жоғары болғандығын көрсетеді. Дөңгелектерді щикі терімен қаптап, кепкен кезде ол дөңгелекті қорғау қызметін атқарды. Арбамен бірге ара қашықтық қару ретінде жебе ұштары да жерлеуге салынды, бұл да ескерткіштердің әскери атрибутикасын көрсетеді.

Арбалы кешендерде ер адамдар жерлеу орындарымен қатар әйелдер мен балалар жерлеу орындары да кездеседі. Жауынгер-арбалылар статусы мұрагерлік жолмен беріліп, қоғамда жеке орынды құрады.

Екі ауданда да жерлеу орындары саз-балшықты алаңда жерленді және кейбір қорғандарда арбаның өзі емес оның имитациясы кездеседі. Имитацияны қосарланған жылқылар мен арба дөңгелектеріне арналған шұңқырлар құрады. Осының бәрі сол кездің дәстүрлері мен мәдениеттеріне байланысты болуы керек.

Археологиялық қазба жұмыстары барысында ескерткіштердің тоналып кетуімен және нашар сақталуына орай көп қиындықтар болды. Арба ағаштан жасалғандықтан оның сол қалпы сақталуы өте қиын. Арба тек бөлшектер түрінде ғана сақталған, арбаның толық күйінде кездеспеуі жұмысты қиындатады. Ескерткіштердің көпшілігі тоналатындықтан, заттардың алғашқы кезде қандай күйде болғандығын анықтау қиынға соғады. Тонау кезінде жерлеу ескерткіші де зардап шегеді, оның да негізгі қалпын анықтау қиын.

Қазақстанның арбалы кешендері туралы мағлұматтар аз болғандықтан, оларды Еуразия даласындағы басқа де ескерткіштерімен салыстыру қиын. Мұндай ескерткіштерді болашақта көбірек зерттеу, хронология, кезеңдеу, этномәдени атрибутика және Андронов мәденигенезі мәселелерін шешуге көмектеседі.

1. Новоженев В.А. Азиатские колесницы (к проблеме выделения азиатского колесничного комплекса) // Археология Казахстана в эпоху независимости: итоги, перспективы: Материалы международной научной конференции, посвященной 20-летию Независимости Республики Казахстан и 20-летию Института археологии им. А.Х. Маргулана КН МОН РК. – Алматы, 2011. Т. 1. – С. 247-255.

2. Евдокимов В. Варфоломеев В. Эпоха бронзы Центрального и Северного Казахстана. Караганда 2002: Издательство КарГУ, – 138 с.

3. Бороффка Н. Некоторые культурные и социальные взаимосвязи в бронзовом веке Евразии // Комплексные общества Центральной Евразии в III–II тыс. до н.э. Челябинск-Аркаим, 1999. – С. 80-83.

4. Виноградов Н. Могильник Кривое озеро в Южном Зауралье, Челябинск: Южно-Уральское книжное издательство. 2003. – 362 с.

5. Зданович Г. Бронзовый век Урало-Казахстанских степей (основы периодизаций), Свердловск: издательство Урал, – 184 с.

6. Худяков Ю. Боевые колесницы в Южной Сибири и Центральной Азии // Северная Евразия в эпоху бронзы: пространство, время, культура: Сборник научных трудов / Под ред. Кирюшина Ю. И. Тишкина А. Барнаул, 2002 год. – С. 139-141.

7. С.В. Сотникова Образ колесницы и колесничего в ритуальной практике населения эпохи бронзы Евразийских степей: опыт реконструкции ритуала и представлений // Вестник Томского государственного университета. 2014. № 380. – С. 102-108.

8. Бочкарев В. С., Бужилова А.П., Епимахов А.В. и др. Кони, колесницы и колесничие степей Евразии. – Екатеринбург – Самара - Донецк: Рифей, 2010. – 229 с.

9. Кукушкин И. Колесничные комплексы Центрального Казахстана // Известия НАН РК серия общественных наук. 2010. № 1, – С. 25-31.